

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Технологиялық машиналар және көлік кафедрасы

Коскулаков А.С.

КамАЗ-53205 жүктік автомобильдің тежегіш жүйесін жобалау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071300 – «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Технологиялық машиналар және көлік кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,
техника ғылымының кандидаты

 С.А. Бортөбаев

«26» 05 2022 ж

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «КамАЗ-53205 жүктік автомобильдің тежегіш жүйесін жобалау»

5В071300 -«Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы
бойынша


Орындаған

Коскулаков А.С.



Пікір беруші

Ассоц. профессор, т.ғ.к.

 Е.Б. Калиев

«26» 05 2022 ж

Ғылыми жетекші

лектор

 С.К. Кожатаев

«26» 05 2022 ж

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Технологиялық машиналар және көлік кафедрасы

5B071300 - «Көлік, көлік техникасы және технологиялары»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,

техника ғылымының кандидаты

 С.А.Бортебаев

«26» 12 2021 ж

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Коскулаков Алмас Сагидуллаулы

Тақырыбы КамАЗ-53205 жүктік автомобильдің тежегіш жүйесін
жобалау

Университет басшысының «24» 12 2021 ж №489-П/Ө бұйырығымен
бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «27» мамыр 2022 жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Жүк тасымалдау көліктерінің
ішіндегі жүк көтергіштігі 9 тонна автомобиль, оның тежеуіш жүйесінің
түрі, патенттік ізденістер.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Жалпы бөлімі

б) Жобалық конструкторлық бөлім

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1. Жалпы көрініс – 1 бет; 2. Патенттік ізденіс-1бет; 3.Тораптың жалпы кө-
рінісі – 1 бет; 4.Тежеу камерасы және реттегіш иінтірек– 1 бет; 5. Құрас-
тырма бөлшектер – 1 бет




Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 8 атау


Дипломдық жұмысты дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жалпы бөлімі		
Жобалық конструкторлық бөлім		

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының
аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Жалпы бөлімі	С.К. Кожатаев лектор		
Жобалық конструкторлық бөлім	С.К. Кожатаев лектор		
Норма бақылау	Н.С. Камзанов сениор-лектор		

Ғылыми жетекші  С. К. Кожатаев

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  А. С. Коскулаков

Күні «26» 12 2021 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста жүк автокөліктеріне шолу жасалып, оның түсініктемесі баяндалып, жан-жақты суреттемесі ұсынылған. Сонымен қатар автокөліктің жалғасу (ілініс) тетігі конструкциясының сенімділігі, қарапайымдылығы мықтылығы мәселелері қарастырылған.

Жасалатын автокөліктің тарту күшіне қарай төмендегі көрсеткіштер қамтылған: қозғалтқыштың қуаты, автокөліктің салмағы, бірінші жылдамдықтағы динамикалық фактор шамасы, көліктің әрбір тетіктеріне түсетін салмақтың конструкциялық есептері және олардың өзара қарым-қатынастары еске алынған.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте содержатся сведения по проектированию грузового автомобиля, и разработки сцепления, и его усовершенствование конструкции, для упрощения и повышения надежности агрегата, сцепления. Также представлено описание проектируемого автомобиля.

Для разрабатываемого автомобиля проведен тяговый расчет, который включает в себя: расчет мощности двигателя, расчет веса автомобиля, расчет динамического фактора автомобиля на первой передаче и выбор значений передаточных чисел трансмиссии автомобиля. Выполнены следующие расчеты по агрегату: рассчитаны нагрузки в механизмах, приведены конструкторские расчеты, а также расчеты кинематические и силовые взаимодействие с агрегатами автомобиля. Также проведен графоаналитический расчет сцепления. В технологической части рассчитан выжимной рычаг сцепления.

ABSTRACT

Information are kept In the given degree project on designing a cargo car, and traction development, and its improvement to designs, for the simplification and unit reliability raising, tractions. Also presented designing car description.

For the under development car conducted tractive calculation, which comprises of itself: calculation of engine size, calculation of weight of car, calculation of dynamic factor of car on the first issue and choice of values transmission car.

Executed following calculations on the unit: calculated loads in mechanisms, brought design calculations, as well as calculations an and power interaction with units of car. Also conducted calculation of traction. In technological part calculated an a lever of traction.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Жалпы бөлім	11
1.1 Отандық және шет елдік автокөлік техникаларының ерекшеліктері	11
1.2 SCANIA AB жүктік автомобилі	11
1.3 JAC HFC 1083K жүктік автомобилі	12
1.4 HYUNDAI Xcient жүктік автомобилі	14
1.5 КАМАЗ-5320 жүк автомобилі	15
1.5.1 КамАЗ-53205 жүк автомобилінің тежеу жүйесі	17
1.6 КрАЗ-255 (255 В1, 255 В1) модельді жүк автомобилі	19
1.7 Жобаланатын автокөлік техникасына техникалық тапсырма дайындау	22
1.7.1 Техникалық талдау	22
1.7.2 КамАЗ-53205 жүк автомобилінің құрылысы	24
2 Жобаланатын автомобильдің таңдалған құрылымының негізі	29
2.1 Тежеуіш жүйесі. Тежеуіш жүйесінің классификациясы	29
2.2 Энергия аккумуляторлары жасалуы және жұмыс істеу принципі	37
3 Патенттік ізденіс бөлімі	41
3.1 Серіппелі энергия аккумуляторымен тежегіш камера	41
3.2 Энергоаккумуляторлы тежегіш камера	46
3.3 Тежелу механизмі бар мембраналы энергоаккумуляторлы тежеу камерасы	47
3.4 Серпімді энергия аккумуляторымен жұмысшы тежеуіш механизм мен тежеуіш механизмнің цилиндрінен құрамдастырылған ішкі вентиляциялы тежегіш цилиндр	48
3.5 Серіппелі энергия аккумуляторымен тежегіш камера	49
3.6 Серіппелі энергия аккумуляторымен тежегіш камера	52
4 Есептеу бөлімі	54
4.1 Тежеуіш жүйесінің есебі. Автомобиль тежелуінің динамикасы	54
4.2 Нормаль реакцияларды анықтау	54
4.3 Тежеу механизмі сипаттамаларының есебі	56
4.4 Тежеу механизмдері элементтерінің тексеріс есебі	57
4.5 Тежеуіш механизм элементтерінің беріктік есебі	59
4.5.1 Суппорты бекітуші бұранданы қиылуға есептейміз	59
4.5.2 Жапсырма өсі бекітілуін қиылуға есептеу	59
Қорытынды	63
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	64

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде автокөлік өнеркәсібінің алдында жанармайдың шығынын, соған сай оларға кететін шығындарды едәуір азайтуға мүмкіндік беретін дизельдік қозғалтқышты, үнемді автокөліктерді шығарудың жоғарылауымен байланысты міндеттер тұр. Аса жоғары жүк көтергіш автокөліктердің өндірісі жоғарылауымен біруақытта аз жүк - жарты тонна жүк көтергіш жүк автокөліктерін шығару үшін қуаттарды құру қажет. Қазіргі кезде қысылған және сұйылтылған газдарда жұмыс істейтін автокөліктерді шығаруды көбейту және сенімділігін жоғарылату бойынша брішама жұмыстар жүргізілуде. Өртүрлі жүктерді тасымалдау үшін мамандандырылған автокөліктер мен тіркемеледі өндіру жоғарылауда. Автокөліктердің салыстырмалы металл сыйымдылығын 15-20%-ға төмендету, ресурстарын жоғарылату, техникалық қызмет көрсетудің еңбек сыйымдылығын төмендету, қауіпсіздігінің барлық түрлерін жоғарылату қарастырылады.

Автокөлік өнеркәсібі халық шаруашылығының жетекші салаларынан бірі болып табылады. Автокөлік транспорты жұмысының тиімділігі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық салаларының еңбек өнімділігіне әсер етеді. Автокөлік техникасының ең озық модельдерін жасау және құру, автотранспорт құралдары агрегаттарының конструкцияларын жетілдіру, олардың эксплуатациялық қасиеттерін жақсарту үлкен мәнге ие.

Автокөлік техникасының техникалық деңгейін жоғарылатудың маңызды бағыты жанармай мен майдың шығынын азайту, техникалық қызмет көрсетудің еңбек сыйымдылығын, автокөлікті дайындауға кететін материаладрдың шығынын төмендету, шудың деңгейі мен пайдаланылған газдардың уыттылығын азайту, конструкцияның сенімділігі мен қауіпсіздігін жоғарылату болып табылады.

Автокөліктің салмағын, дизельдерді орнатуды төмендету, аэродинамикалық көрсеткіштерді жақсарту, трансмиссиялар мен басқа түйіндердің конструкциясын жетілдіру, сондай-ақ қозғалыстың оңтайлық жағдайын қолдауға мүмкіндік беретін электронды құрылғыларды қолдануды кеңейту нәтижесінде жанармайдың үнемділігінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізуге болады. Автокөліктің салмағы жеңіл құймаларды, пласмассаларды, беріктігі жоғары болаттарды кеңінен қолданғанда, ДК көмегімен жинақтау бірліктері мен детальдерін рационалды құрастырғанда азайтылуы мүмкін.

Құрастырғанда бірінші кезекте эксплуатациялау, өндірістік мүмкіндіктері және т.б. секілді жағдайларды ескеретін, автокөлікке қойылатын талаптарды анықтап алу қажет. Алайда барлық қойылатын талаптарды толығымен қанағаттандыру мүмкін емес. Сондықтан конструктор әрбір нақты жағдайда берілген автокөлікке немесе жобаланатын агрегатқа қойылатын маңызды талаптарды жөн көреді.

ДК қолдану конструкторлық шешімдерді жылдамдату, күрделі физикалық процестерді математикалық модельдеуді жүзеге асыру,

есептеулерге көп факторлар санын ескеру, соған сай, жобаланатын автокөліктің конструктивтік параметрлерін негізделген таңдау мүмкіндігін береді.

Қазіргі кезде құрастырудың негізгі міндеттерін шешу және автокөліктердің агрегаттарын жетілдіру үшін ақпараттарды және математикалық әдістерді өңдеудің техникалық тәсілдерін қолдана отырып, автоматтандырылған жобалаудың жаңа жүйесі (АЖОЖ - автоматтандырылған жобалау жүйесі) енгізілген. АЖОЖ ды енгізу конструкторлық жұмыстардың ұзақтығы мен еңбек сыйымдылығын төмендетуге және өндірісті автоматтандырылған басқару жүйелері мен технологиялық операцияларды автоматтандырылған басқару жүйесінің қосалқы жүйелерімен өндірісті конструкторлық дайындаудың арасыдағы өзара байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1 Жалпы бөлім

1.1 Отандық және шет елдік автокөлік техникаларының ерекшеліктері

Өртүрлі эксплуатациялау жағдайларында автокөлікті пайдаланудың тиімділігі олардың потенциалды эксплуатациялық тартылыс-жылдамдықты қасиеттерінің кешенімен, өткізгіштігімен, жанармай үнемділігімен, тұрақтылығы мен басқарылуымен, жүріс жатықтығының ыңғайлылығымен анықталады. Бұл эксплуатациялық қасиеттерге автокөлік пен оның түйіндерінің, ең алдымен қозғалтқыштың, трансмиссия мен доңғалақтардың негізгі параметрлері, сондай-ақ жолдың сипаттамалары мен қозғалыс жағдайлары әсер етеді.

Жоғары жүк көтергішті автокөлік транспорттық жұмыстардың аса кең спектрлері, атап айтқанда ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен әскерде қолданылады. Қолдануда әмбебап және қызмет көрсетуде қарапайым. Өзінде сенімділік, үздік жүріс сапасын және эксплуатациялауда талғамаушылығын табысты үйлестіреді. Әйнектелудің үлкен ауданымен және басқару органдары ыңғайлы орналастырылған заманауи кабина, бапталатын анатомиялық орындықтар, гидрокүшейткішпен рөлдік басқару жүргізуші үшін жоғары ыңғайлылық деңгейін қамтамасыз етеді және оның шаршағыштығын төмендетеді. Жүк автокөлігі қатты жабынды жолдардың барлық түрлері бойынша эксплуатациялауға арналған және жоғары техника-эксплуатациялық көрсеткіштермен сипатталады [1].

1.2 SCANIA AB жүктік автомобилі

Халықаралық Scania корпорациясы бүгінгі таңда 100-ден астам елдерде жұмыс атқарады, соның ішінде Франция, Голландия, Польша, Латын Америка елдерінде.

Шведтік автокөлік жасау зауытында шығарылған өнімнің 97 пайызы шет елдерге шығарылады. Scania корпорациясы автобустар мен жүк автокөліктерінің 1 миллионнан астам түрін шығарған.

Scania өндірісінің негізі бүгінгі таңда автобустар мен жүк автокөліктері болып отыр. Scania (сурет 1.1) шасси өнімдері кузов жасайтын көптеген кәсіпорындарға жеткізіледі. Scania үлгілерінің қатарына жүк көтергіштігі 8 тонна болатын автокөліктер кіреді. Scania жүк көліктері магистралды тасымалдар қолданылып, белгілі қашықтыққа жүкті құрылыс аумақтарына жеткізеді (Scania үлгілерінің қатары тасымалдау автокөліктерін құраған).

Scania жүк көліктері экологиялық талаптарға сай келетін күш агрегаттарымен жабдықталған, атап айтсақ: қуаты 230-дан 730 ат күшіне тең болатын Евро-4, Евро-5. 9 литрлік Евро-4, Евро-5 және 12 литрлік Евро-4 класының техникалық сипатына келетін болсақ, күш агрегаттары Ad Blue реагентсіз жұмыс жасай алады. бұлардың құрылымдық ерекшеліктеріне

келетін болсақ, өңделген газдың бір бөлігі суынып, қайтадан жану камерасына беріледі. аталмыш технология азот тотықтарының мөлшерін кемітеді. Scania компания мамандарының еңбек жағдайы, жүк көліктері жүргізушілерінің демалысы туралы қамқорлықты жеке айтуға болады. бүгінгі таңда Scania жүк көліктерінің кабинасы ыңғайлы жеңіл автокөлік кабинасынан кем түспейді. Орындықтары ыңғайлы, құрал панелі жинақы, материалдарының сапасы жоғары, салоны жеке бөлініп жасалған.



1.1-сурет-Scania AB жүктік автомобилі

1.3 JAC HFC 1083K жүктік автомобилі

Anhui Jianghuai Automotive Group Corporation – JAC сауда маркасы – 1964 жылдан бастап коммерциялық техника өндірісімен шұғылданып ең ірі деген қытай кәсіпорындарының қатарына енеді. Қытай жүк көліктерін бір қарағанда жапондық Isuzu көлігінің маркасына ұқсас екені бірден байқалады.

Бірінші жағдайда, 3 орынды кабиналы экстерьер туралы сөз болмақ. Жапондық үлгіде жасалғандығына қарамастан, кабина сапалы жасалған. Бөлшектерін дайындау мен дәнекерлеу жоғары деңгейде орындалған. Бұл барлық JAC маркалы автокөліктерге тән сипат.



1.2-сурет- JAC HFC 1083K жүктік автомобилі

Кабинаны көтеріп, түсіру күш жұмсау арқылы қолмен орындалады. Кабинаны көтеру кезінде қозғалтқышқа енетін мотор қуыстары ашылып, алдыңғы аспа мен алдыңғы тежегіш механизм іске қосылады.

ЈАС НРС 1083К (сурет 1.2;1.3) салонына ену, «кіші інісі» ЈАС НРС 1061К маркасына ұқсас ыңғайлы болып келеді: есіктері кеңінен ашылып, металл торлармен сатылары жасалып, суық ауа райында аяқтарын сүртуге арналады.



1.3-сурет-ЈАС НРС 1083К жүктік автомобилінің кабинасы

«Алпыс бірінші» бойынша белгісі бар салон интерьері сапалы орындаулары бойынша ерекшеленген. Ыңғайлы жүргізуші орындығы рульдік бағанамен реттеліп, жүргізушінің дұрыс отыруына ыңғайлы түрде жасалған. жолаушылар орындықтары жеке арқаларымен орындалған, орындық арқалары төмен қарай иіліп, ас үстелі қызметін атқарады.

«Үлкен» ЈАС стандартты жинағы CD-чейнджер магнитоласымен жабдықталған. Кабинаның басты артықшылығына келетін болсақ жатын сөресі «сексен үшінші» болып келеді. ашылатын терезелер мен төбе люктері арқылы салон жақсы желдетіледі.

Жүк платформасы гофрирленген металлдан жасалып, беріктігі артып, автокөлік қозғалған кезде жүктің орын алмасуына кедергі келтіреді. Орындау сапасы кабинаға қарағанда нашар. Тегіс емес тіректер мен дәнекерленген тігістер қуыстық өндірістер туралы ой келтіреді.

Алдыңғы және артқы аспалар жартылай эллиптикалық рессорлармен гидравликалық амортизаторлардың тұрақтылығына байланысты. Пневможетекті барабанды артқы және алдыңғы дөңгелектің тежегіш механизмдері АРС қозғалыстарына ұқсас. Тросты жетек типіндегі барабан типтес тұрақ тежегіші беріліс қораптарында орналасқан. Стандартты жинақтарда баяулатқыш-тежегіш бар, демек руль асты ажыратқыштарды іске қосады.

Гидрокүшейткіштермен жабдықтанған рульдік басқару жақсы ақпараттандырылған. Қауіпсіздік талаптарына сай автокөліктер түрілуге қарсы

бруспен жабдықтанған. Қосымша опциялар ретінде кондиционерді, қауат немесе автономды жылытқыш қораптары алынады.

1.4 HYUNDAI Xcient жүктік автмобилі

ТМД және Шығыс Европа елдеріндегі Hyundai жүк көліктерінің 100 астам дистрибьюторлары Hyundai Xcient (сурет 1.4) жүк көлігінің жоғары сапалы екендігіне көз жеткізді. Түрлі модификациялы жүк көліктерінің заңдылықтарына есепке ала отырып (ершікті тартқыш, самосвал, универсалды жүк шассиі) европалық өндірушілерден кем түспейді, тіпті асып түседі. Hyundai жүк көлігімен жүзеге асырылған салалық стандарт болып табылатын негізгі сипаттамалар берілген.



1.4-сурет-HYUNDAI Xcient жүктік автмобилі

1.1-Кесте-Hyundai HD 120 жүк көлігінің артықшылықтары

Үнемділігі	«Хэндэ HD 120» автокөлігінің жүк көтергіштігі аса жоғары, яғни жанар-жағармайды аз тұтынады. Игеруге ыңғайлы, қарапайым. Хэндэ компаниясының жүк көліктері жиі және қымбат жөндеулерді қажет етпейді. Шындығында да автокөлік сервисі арзанға түседі.
Ыңғайлылығы	«Хэндэ HD 120» өнімдері игеруге ыңғайлы: кабина жоғары сапалы дірілді, дыбыстарды оқшаулатқыштармен жабдықталып қана қоймай, жақтауларына резиналы жастықшалар орнатылады. Демек жеңіл кареге қарағанда тербелістер деңгейін ұстап тұрады. Тіпті тұрақ тежегішінің иінтірегі демалыс ыңғайлы болуы үшін жасалып жобаланған. Барлық тапсырмаларды орындайтын тасымал жүк көлігінің бұл класы ресейлік игеру жағдайында күнделікті қалалық тасымалдармен байланысты.
Қызмет көрсету және жөндеу	Жүк көлігінің сапасы жоғары, сондықтан жөндеу жұмыстарын сирек қажет етеді.

Жүк көлігі дизельді қозғалтқыштармен жабдықталған: 10-литрлік Н-қозғалтқыш, қуаты 420л.с. сатылы 9 механикалық берлістермен қатар максималды 200кг/м айналу моментіне ие, ал 12,7 –литрлік Powertec 520 қозғалтқышының қуаты 520л.с, 12 сатылы беріліс қораптағы максималды айналу моменті 255кг/м. Жаңа үлгілердің отын үнемділігі жаңа үлгілерінде алдыңғыларға қарағанда 7 % артқан. Аталмыш жаңа үлгінің басты артықшылығы ұзақ мерзімдік қолданыста болуы, сапасының артуы, сапалы қызмет атқаруы болып отыр. демек кабинаның тиегіш серіппесі, екі дискілі іліністер мен пневматикалық аспалар жүк көлігін одан әрі тиімді етіп, төмен құны төмен техникалық қызметпен қамтамасыз етеді.

Hyundai Xcient жүк көлігіне коммерциялық автокөлік нарығындағы жаңа стандарттар енеді, әсіресе: суық/жылы ауа режиміндегі желдеткіш жүргізуші орны, старт баспасы, телематикалық ‘BlueLink’ жүйесі арқылы Automatic Crash Notification апаты туралы автоматты хабарлама келеді.

1.5 КАМАЗ-5320 жүк автомобилі

КамАЗ-5320 (сурет 1.5) автомобилінің жалпы үйлесімі барлық жүк автомобильдеріне тән көрсеткіштермен сипатталады. Автомобиль қозғалтқышы үш адамға арналған кабина астында орналасқан, ол торсионды механизм көмегімен ілгері бағытқа бұру арқылы ашылады. Қозғалтқыш, ілініс және берілістер қорабы алдыңғы және артқы тіректерде орналасып бір күштік агрегатты құрайды.


КамАЗ-5320 көлігіне төрттактілі, 8 цилиндрлі Ярославтік қозғалтқыш зауыты құрастырған қуаты 210 а.к, ал максималды ауалу жиілігі минутына 2600 мин⁻¹ қозғалтқыш орналастырылған. Суыту жүйесінің жұмысының дұрыс қызмет атқаруын автоматты түрде бақылау жүргізетін «гидромуфта» қамтамасыз етеді. Гидромуфта өзіне жетекті желдеткіштен алады және суыту жүйесінің құрамында екі термостат бар.



1.5-сурет- КамАЗ-5320 жүктік автомобилі

КамАЗ-5320 автомобилінің күштік агрегатында екі дискілі ілініс пайдаланылады. Ілініс басқышынбасқаруды жеңілдету үшін іліністің гидравликалық жетегіне пневмокүшейткіш қойылған. КамАЗ тартқышы трансмиссиясының негізгі ерекшелігі ретінде – негізгі беріліс қорабы мен ілініс арасында орналасқан мультипликатор немесе бөлгіш. Бөлгіштің бір берілісі тура, ал екіншісі – жоғарылатылған. Жалпы беріліс қорабы- бес сатылы.

Беріліс қорабын басқару дистанционды түрде механикалық жетекпен. Карданды беріліс – екі құбырлы біліктен тұратын, ашық типті. Кардан шарнирлері үнемі майлану қоры бар инелік мойынтіректермен қамтылған. Жетекші мосттың басты берілісі(сурет 1.6) екі еселеніп жасалған: спиральді тістері бар конустық тістер жұбы және қисық тісті цилиндрлі тістер жұбы. Ортаңғы мостта осьаралық симметриялы блоктаушы дифференциал қойылған. КамАЗ автомобильдерін қолданылуына қарай олардың беріліс сандары негізгі болып саналады. Егер тіркемесі болса 7,22; 6,53; 5,94, ал тіркемелері болмайтындар үшін 6,53; 5,94 және 5,43.




1-басты беріліс картері; 2-жетектегі конустық тіс; 3-жетекші цилиндрлі тісті беріліс; 4,6,10,18,20-конустық роликті мойынтірек; 5-мойынтіректер стаканы; 7,19-реттегіш шайба; 8,17-реттегіш төсемелер; 9-реттегіш гайка; 11-дифференциал чашкасы; 12-крестовина; 13-жартылай осьті шестерня; 14-жетектегі цилиндрлі беріліс; 15-роликті мойынтірек; 16-төсе; 21-жетекші конустық тісті беріліс; 22-артқы мостқа берілісті беруші жетекші білік; 23-дифференциал қапқағының мойынтірегі

1.6-сурет-КамАЗ-5320 жүк автомобилінің басты берілісі

Алдыңғы аспа рессорлары телескопиялық қос әрекетті амортизаторлармен жұмыс жасайды. Арты аспа – теңгерілген типті (балансирный тип). Оның рессорлары артқы және алдыңғы ойнамалы шеттері бар жартылай эллиптикалық. Рессор жапырақшалары Т-тәріздес қималы.

Автомобиль алынбалы борттық дискісіз дөңгелектермен, сонымен қатар құлыптанбалы сақиналармен қамтылған. Шинасы – радиалды типті, 12 қабатты, өлшемі 260-508Р(9,00-20), әдетте протектор оюының суреті универсалды. КамАЗ автомобильдерінің рульдік басқарылымы рульдік доңғалақтан, рульдік колоннадан, карданды біліктен, бұрыштық берілістен, рульдік механизмнен, басқару клапандарынан, гидрокүшейткіш және оның құрастырушы элементтерінен тұрады.

1.5.1 КамАЗ-53205 жүк автомобилінің тежеу жүйесі



1 – 24 типті тежеу ; 2 (А, В, С) – соңғы шығу нүктелері; 3 – прицептің пневмоэлектрлі клапандарын электромагнитті өшіруші ; 4 - көмекші тежеу жүйесінің басқару қраны ; 5 – екі тілшелі манометр ; 6 - компрессор 7 – қозғалтқышты өшіруші пневмоцилиндр жетегінің рычагы; 8 – су бөлгіш ; 9 – қысым реттегіш ; 11 – екі магистральді енгізуші клапан ; 12—4 контурлы сақтандырғыш клапан ; 13 – тұрақтық тежеу жүйесінің басқару қраны ; 14 – жылуалмасқыш ; 15 – екі секциялы тежеу қраны ; 17 – қосымша тежеу жүйесінің пневмоцилиндрлі клапан жетегі; 18 – I контур рессивері; 19 – тұтынушы рессивері; 20 –қысым төмендеуінің сигнализаторын өшіруші; 21 – III контур рессивері; 22 – II контур рессивері; 23 – конденсат төгу қраны ; 24 – пружиналы энергоаккумуляторлы 20/20 типті тежегіш ; 25, 28 – жеделдеткіш клапандар; 26 – тіркеменің тежеу жүйесін басқару клапаны ; 27 – тұрақтық тежеу жүйесінің сигнализаторын өшіруші ; 29 – бір жетекті тіркеме тежеу жүйесін басқарушы клапан; 30 – автоматты байланыстырғыш бастар; 31 - А типті байланыстырғыш бас ; R т -к екі жетекті магистральді қоректендіру көзі ; Р - к бір жетекті магистральді қоректендіру көзі; N -екі жетекті магистральді қоректендіру көзі; 31- I контурдағы қысым төмендеуін көрсеткіш датчик; 32- II контурдағы қысым төмендеуін көрсеткіш датчик; 33- стоп- сигнал датчигі; 34-жедел тежеу қраны


1.7-сурет – КамАЗ-53205 автомобилінің пневмо жетекті тежеу жүйесінің сұлбасы

Жұмыстық тежеу жүйесінің механизмдері автомобильдің барлық алты доңғалақта орналастырылған. Жұмысшы тежеу жүйесінің жетегі – пневматикалық, екі контурлы, ол алдыңғы ось пен артқы тележка тежеу механизмдерін жекелей іске қосады. Жетек жүргізуші аяғының астында орналасқан педаль арқылы басқарылады. Ол тежеу кранымен механикалық байланысқан. Жұмысшы тежеу жүйесінің жетегінің қызметін атқарушы тежеу камералары болып табылады.

Тұрақтық тежеу жүйесі КамАЗ автомобильдерінде қосымша тежеу жүйесімен біртұтас етіп жасалынған.

Қосымша тежеу жүйесінің қызметі автомобильдің жылдамдығын баяу азайтуға немесе қозғалып бара жатқан автомобильдің жұмысшы тежеу жүйесі істен шыққан жағдайда толықтай тоқтату. Тұрақтық тежеу жүйесі тыныштықта горизонталь жазықтықта немесе еңісте тұрған автомобильді жүргізушісіз орнында ұстап тұру қызметін атқарады. Тұрақтық тежеу жүйесі КамАЗ автомобильдерінде қосымша тежеу жүйесімен біртұтас етіп жасалынған.

Пневматикалық жетектің әр түрлі нүктелерінде пневмоэлектрлік датчиктер орналасқан, көмекші тежеу жүйесінен басқа тежеу жүйелері іске қосылғанда электрлік контурды тұйықтандырып «стоп-сигнал» лампасын қосады. Рессивердегі қысым төмендеген жағдайда онда датчиктер орналасқан, олар да контурды тұйықтандырып жүргізуші құрылғылар панелінің лампасын жағады.



1-рульдік доңғалақ; 2-рульдік колонна құбыры; 3-кронштейн; 4-фланец; 5-мойынтіректер гайкасы; 6- карданды білік; 7- май радиаторы; 8-басқару клапандары; 9-беріліс картері; 10- рульдік механизм картері; 11-бойлық рульдік тартқыш; 12-сошка; 13-сошка білігі; 14-ағызу клапаны; 15-құюшы майөткізгіш; 16-жоғары қысымды майөткізгіш; 17- гидрокүшейткіш сорабы; 18-бак; 19- бакқа май құю мойнының тығыны

1.8-сурет-КамАЗ-5320 жүк автомобилінің рульдік басқарылымы


КамАЗ-5320 жүк көлігінің рульдік басқарылымы (сурет 1.8) рульдік доңғалақтан, рульдік басқарылым колонкасынан, бұрыштық редуктордан, карданды берілістен, рульдік механизмнен, гидравликалық күшейткіштен тұрады.

1.6 КрАЗ-255 (255 Б1, 255 В1) модельді жүк автомобилі

КрАЗ-255 жүк автомобилі (сурет 1.9) 1979 жылдан бастап Кременчугск автозауытымен шығарылып келеді. Шанақ-ашылатын артқы борты бар металл платформа, қосымша торлы бортпен, жақтаулы орындықтармен, доғамен, тентпен жабдықталған. Кабина – үш орындықты, ағаш металлды, қозғалтқыш артына орналасқан, ал жүргізуші орны рессор астында орналасып, жүргізушінің салмағымен, арқа биіктігі мен еңістігі арқылы реттеледі. Автокөліктерде шығырлар орнатылған.

Негізгі прицеп - МАЗ-8926 (әскерлік). 1967 жылдан 1979 дейін КрАЗ-255Б (сурет 1.5) шығарыла бастады, мұнда жұмыс тежегіштерінің жеке жетектері болмайды.

Қозғалтқыш. Мод. ЯМЗ-238М2, дизель, V-тәріздес. (90°), 8-цил., 130x140 мм, 14,86 л, сығу деңгейі 16,5, жұмыс реті 1-5-4-2-6-3-7-8, қуаты -176 кВт (240 ат күші) 2100 айн/мин кезінде айналу моменті 883 Н-м, 1450-1600 айн/мин; ЖҚЖС - 8-секциялық, төмен қысымды отын айдаушы сорабы бар бөліп таратқышпен жабдықталған, муфта арқылы отын шашыратылып, айну жүйелері ретке келтірілген. Жабын типті бүріккіштер. Ауа сүзгісі-күрғақ, сүзгілеуші элементі мен ластанған индикаторы алмастырылады. Қозғалтқыш өткізгіш жылытқыштармен жабдықталған, жылу өткізгіштігі 32000 ккал/сағ.



1.9-сурет-КрАЗ-255 жүк автомобилі

Трансмиссия. Ілінісулер- мод. ЯМЗ-238, периферийлік серіппелі екі дискілі, ажырату жетегі механикалық. Бріліс қорабының – моделі ЯМЗ-236Н, 5-сатылы, II, III, IV, V берілістермен синхрондалған, бріліс саны: I-5,26; II-2,90; III-1,52; IV-1,00; V-0,66; ЗХ-5,48. Таратушы қорап - 2-сатылы, ось аралық блоктаушы дифференциалды орташа және артқы арқалықпен қамтылған. Беріліс саны: жоғары - 1,23; төмен- 2,28. Таратушы қорапты үш иінтірекпен басқруға болады. карданды беріліс бес біліктен тұрады: беріліс қорабы- таратушы қорап, таратушы қорап-алдыңғы Арқалық, таратушы қорап- ортаңғы аралық, таратушы қорап-артқы арқалық (аралық тіректі екі білік). Жетекші арақалықтардың басты берілістері екі еселенген конусты шиыршықты және тура тісті шестернді цилиндрлі болып келеді, беріліс саны - 8,2 1. Алдыңғы жетекші Арқалық-шарнирлі дискінің бұрыштық жылдамдығына тең. Дөңгелектері мен шиналары. Дөңгелек – дискісіз, құрсауы 440 - 533.

6 бұрандамен және қыспақтармен бекітілген. Шиналары – кең қималы ауқымды 1300x530-533, мод. ВИ-3 немесе ВИД-201, ауа қысымы жол жағдайына байланысты 1,0-3,5 кг күш/см арлығында. Дөңгелек саны 6+1.

Аспа. Алдыңғы-екі жартылай эллиптикалық амортизаторлы рессорлы түрінде тірек кронштейндерінің рзиналы жастықшларына орнатылған. Артқы-балансирленген, екі жартылай эллиптикалық рессорда алты реактивті штангі болады, ал рессор ұштары жылжымалы, сырғымалы болып келеді.

Тежегіш. Жұмыс тежегіш жүйесі-барабан механизмді (қыспақтаушы-тежгіш цилиндрді қолдана отырып жұдырықшалы), екі пневможетекші контурлы (бір контуры алдыңғы және артқы аралықтар, екіншісі артқы арқалықта орналасқан). Тұрақ тежегіші – трансмиссиялы, механикалық жетегі бар барабанды, таратушы қораптың білігіне орналасып, артқы арқалықтарға әсер етеді. Қосалқы тежегіш- жұмыс тежегіш жүйесінің бірі. Жанама тежегіш-пневматикалық қосылыс тежегішін моторлы баяулатқыш болып табылады. Прицеп тежегішінің жетегі- комбинирленген (екі және бір жтекті). Ылғалдан және спирттен, конденсаттың қатуын сақтандыратын термодинамикалық тазартуларды орындайтын ылғалды бөлгіш орнатылған.

Рульдік механизм –бұрандадан, шарикті бұрандалы жақтаудан, тісшелі сектордан құралған. Гидравикалық күшейткіш көлденең рульдік тартқышқа әсер етіп, күш цилиндрінен, таратқыштардан құралған. Рульдік механизмнің беріліс саны 23,6. Күшейткіштегі майдың қысымы шамамен 70 кгс/см. кв.

Камаз көлігінің сипаты. Жүк көтергіштігі үлкен автокөлік. Тасымал жұмыстарында кең спекторда қолданылады, соның ішінде ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен армияда қолданысқа енген. Қолданыста қарапайым және универсалды болып келеді. игеру кезінде кедергіленбейді, жұмыста сенімді.

Қазіргі кабинасы үлкен, шыныланып жасалған, басқару бөліктері ыңғайлы, анатомиялық орындықтармен реттелген, рульдік басқарулар мен гидрокүшейткіштер арқылы жүргізушіге ыңғайлылық беріліп, шаршауды кемітеді.

Жүк көлігі барлық жолдарда қатты жабындарда жүреді, техникалық-эксплуатациялық көрсеткіштері жоғары.

Автокөлікте толық металдан жасалған үш орынды кабина бар, панорамалық шынылармен жабылып, желдеткішпен, жылытқышпен тиімді жабдықталған. Кабинада басқару бөліктері рационалды орналасқан, құралдар панелі жаңартылған, орындықтары басқарылып, қауіпсіздік белдіктерімен қамтылған. Тапсырыс бойынша автокөлік жылытқыштармен жабдықталады.

Платформа – орнатылмалы метал борттармен жабдықтанып, бортпен, тентпен жабдықтанған.

6х4 дөңгелек формуласы бар бортық, жүк автокөлігі. Жинақталған шанағы кабинадан, тіректен, жүк шанағынан құралған.

Кабина қатты толық металдан жасалған құрылым, қаңқадан, төбедең, артқы және жақтаулы панельдерден жасалған.

Кабина есіктерінде түсірілетін шығын терезелер бар, бұрылатын форточкалары да қамтылған. Шыны терезені көтеріп түсіру, сонымен қатар кез-келген жағдайда орнату шыны көтергішпен орындалады. шыны көтергіш есіктің ішінде орнатылған. Есіктің жабық жағдайы арнайы құлыппен орындалады. кабинаның желдеткіш терезесі ашылып жабылып, панорамалық шынымен қапталған.

Автокөліктің орындары үш орынды, сондықтан жүргізуші мен екі жолаушыға арналып жасалған. Жүргізушінің орындығы горизонталды және вертикалды жағдайда қозғалысқа келеді, сонымен қатар еңістенсе жастықша, арқа болады. Кабина резиналы жастықша жақтауына орналасқан. Ол қозғалтқыш үстіне орналасқан. Тіреуішке қозғалтқыш капоты, қанаты, аяқтары, радиатор қаптамалары кіреді. Капоттың алдында радиатордың пластикалық радиатор торларымен бекітілген, сондықтан құрылымдарды жеңілдетеді. Қанаттарында басында шамы бар бұрғыштар орнатылған, жарықты реттеп, энергия тұтынушыларына таралады. Бампері металдан жасалған, дөңгелек айналмалы түрде болады, сондықтан тұманға қарсы шамдармен жабдықталады. Капот, қанаттары мен бамперлері бір-біріне қатты жанасып, біртұтас қалыптасады. Осындай қосылыстармен қозғалтқыш іске қосылады.

Демек капот, қанаттары, арнай шарнирмен бекітіліп, автокөліктің жақтауларына жалғанған, сондықтан моторларын ашып, қозғалтқыштар мен жақтаулары қалыптасқан. Жүк шанағы бортты платформа түрінде дайындалады. Бортты платформаның металл құрылымға ие. Сондықтан негізден, еденнен, борттан құралған. Көлденең және қималық метал беттер негізден құралған.

Алдыңғы бортына еден бекітілген, сонымен қатар артқы есіктері ашылады. Еден мен борт үшін металл беткі қабаттар қолданылады. Металл қабаттар өзара металл қыстырғыштармен қыстырылған. Ашылатын есіктері негізгі платформаға өрмек арқылы жалғанған, ал алдыңғы қозғалмайтын борт арнайы тіректермен орнатылған. Жабық күйіндегі артқы есіктер арнайы жабындармен ұсталады, бұларда бір ғана есік болады. Бортты платформа жинақталған күйінде автокөліктерге бұрандалармен бекітілген. Автокөлік шанағының құрылымына қауіпсіз қозғалыс әсер етеді. Автокөліктің белсенді қауіпсіздігі келесі құрылымдармен анықталады: жақсы шолу мен көріну

орындары арқылы жүргізуші алдыңғы бағыттарды байқай алады: терезе тазартқыштар арқылы шыны тазартылады,; желден алдыңғы артқы терезелер қорғайды. Жүргізушінің орны ыңғайлы болғандықтан жылдам шаршау байқалмайды. Пассивті қауіпсіздік шараларына: қауіпсіздік белдігі, сынықсыз шынылы терезе, жарық көзін сіңіріп алатын құралдар, басқару құралдары және т.б. Бөлшектеріне: апат болған автокөліктен зардап шегушінің шығуын қамтамасыз ететін құрылым, жолаушылар шанағының берік болуы, апат кезінде майысуларды болдырмайтын құрылымдар; резиналы жақтаулар мен қондырғылар, соқтығысулар кезіндегі соққыларды сіңіретін құрылымдар, отқа төзімді материалдармен қапталу және т.б.

1.7 Жобаланатын автокөлік техникасына техникалық тапсырма дайындау

1.7.1 Техникалық талдау

Техникалық талдау жүргізу барысында біз автомобильдің өзіндік көрестекіштері мен ерекшеліктерін салыстырып, берілген тапсырмаға сай автомобиль таңдаймыз. Техникалық талдауға автомобильдің қозғалтқышының, трансмиссия элементтерінің, сыртқы және ішкі эргономикалық көрсеткіштерінің сипаттамалары жатады. Осы талдауды жүзеге асыру үшін автомобиль аналог ретінде жүк көтергіштігі 9т КамАЗ-5320 жүк автомобилін таңдап аламыз [1].

КамАЗ-5320 (сурет 1.10) – Камскілік автомобиль зауытында 1976 жылдан 2001 жылға дейін шығарылған, доңғалақтық формуласы 6х4, үш осьті, ресейлік жүк автомобилі. Бұл модель КамАЗ маркасымен шығарылған ең алғашқы жүк автомобильдерінің бірі. Тек қана өзіндік жүкпен ғана емес, автопоезд тіркемесімен де жұмыс жасауға арналған. Бұл жүктік автомобиль шассиінің негізі ЗИЛ-170 моделінен алынған. Ал ЗИЛ-170 моделі 1968 жылы жарық көрген. Алғашында оған Ярославтік мотор зауытының қозғалтқышы (ЯМЗ) қойылған. Заманауи конструкторлар көмегімен ЗИЛ-170 өзгерістерге ұшырап, кабина қозғалтқыш үстінде нұсқасы пайда болды.

Автомобиль формасы неғұрлым тікбұрышты формаға ие болды. Ауа жинағыш торшасы мен төрт негізгі жарықтандыру фарларымен жабдықталды. Сол уақыттағы үкіметтің шешімімен жүктік автомобиль құрастыру зауыты Камск қаласына көшіріліп, 1974 жылы автомобильдің тәжерибелік нұсқасы шығарылды.

Сериялы өндіріске КамАЗ жүк автомобильдері 1976 жылдың 16 ақпанында түсті. КамАЗ-5320 базасында КамАЗ-5410 тұғырлы тартқышы, КамАЗ-5511 самосвалы, КамАЗ-53212 борты ұзартылған жүктік автомобилі, КамАЗ-53213 шассиі, сонымен қатар екі осьті КамАЗ-5325, борттық КамАЗ-4325, самосвал КамАЗ-43255, тұғырлы тартқыш КамАЗ-4410 аналогтары құрастырылды.

Бұл жүктік автомобиль түрі жоғары жүк көтергішті болып табылады. оның қолданылу спектрі көліктік тасымалдауда, ауыл шаруашылығында, әскери мақсатта өте кең. Қолданылуы әмбебап және жөндеу мен қызмет көрсетілуі оңай. Өзіндік сенімділік, жақсы жүргіштік сапа, пайдаланушылық қасиеттері жоғары.


Заманауи кабина үлкен понарамды алдыңғы тереземен, ыңғайлы орналастырылған басқару органдарымен, реттелетін анатомиялық орындықтармен, жүргізуші үшін жоғары комфорттылықты қамтамасыз ететін гидрокүшейткіші бар рульдік басқару жүйесімен жабдықталған. Бұндай артықшылықтар арқасында жүргізушінің шектен тыс шаршауын болдырмайды.

1.2-Кесте - Жүк көтергіштігі 9т КамАЗ-53205 жүк автомобилінің техникалық сипаттамасы

Аталуы	Көрсеткіштері
1	2
Доңғалақ формуласы	6x4
Жарақталған массасы, кг	8480
Автомобильдің толық массасы, кг	24500
Габариттік өлшемдері ұзындығы	7570
ені	2500
биіктігі	2900
База, мм	2410
Платформаның ішкі өлшемдері, ұзындығы,мм	5258
ені,мм	2320
биіктігі,мм	635
Ең үлкен жылдамдық,км/сағ	80
Қозғалтқыш	дизелді, турбо үрлеумен
Ең үлкен қуат, кВт	240
Ең үлкен қуат кезіндегі иінді біліктің айналу жиілігі, айн/мин	2200
Ең үлкен айналдырғыш момент,Нм	1059
Ең үлкен айналдырғыш момент кезіндегі иінді біліктің айналу жиілігі,айн/мин	1900
Орындар саны	3
Қозғалтқыш үлгісі	КамАЗ-53205
Піспек саны, орналасу түрі	8 піспекті V тәріздес
Жұмыс көлемі, см ³	10,85

1.2-кестенің жалғасы

1	2
Қоректендіру жүйесі	Дизельді, ЖҚЖН
Сығу дәрежесі	16
Берілістер қорабы	Механикалы, 10 сатылы, басқарылымы механикалық дистанционды
Басты беріліс саны	5,43
Тежеу жүйесі	Пневможетекті
Өлшемдер:	
Барабан диаметрі, мм	400
Тежеу төсемдерінің ені, мм	140
Тежеу төсемдерінің суммарлы ауданы, см ²	6300



1.10-сурет-КамАЗ-53205 жүк автомобилінің жалпы көрінісі


1.7.2 КамАЗ-53205 жүк автомобилінің құрылысы

Автомобиль тұтас металлды үш орынды кабинамен, понарамды алдыңғы тереземен, әсерлі желдету және жылыту жүйелерімен жабдықалған. Кабинада рационалды түрде орналасқан басқару органдары бар, құрылымы жағынан заманауи құрылғылар панелі, сақтандыру белдіктерімен жабдықталған реттелетін орындығы бар. Тапсырыс бойынша қосуға дейінгі алдын ала қыздыру құрылғысын жасауға болады. Платформаға металл материалдан

жасалған борт, үстіне тент орналастыру қарастырылған. Жүктік, борттық доңғалақтық формуласы 6х4 автомобиль шанағы кабинадан, жүктік шанақтан және тіректен тұрады.

Кабина (сурет1.11) қатты біртұтас металлды конструкциядан құрастырылған. Онда каркас шатыры, жоғарғы, артқы және құрылғылар панелі(сурет 1.12) бар. Кабинада басқару органдары орналасуы:

- көмекші тежеу жүйесінің тетігі;
- ілініс педалі;
- жұмыстық тежеу жүйесі педалі;
- отын беру;
- берілістерді қосуға арналған рычаг;
- рульдік доңғалақ;
- біріктірілген(комбинированный) қосқыш;
- тұрақтық тежеуді басқарушы кран, жүргізуші орындығының оң жағына орналастырылған.




1 – құрылғылар панелі; 2 – жақын және алыстан жарықтандыру шамы мен бұрылу бағытының жарығын қосушы; 3-рульдік доңғалақ; 6-ілініс педалі; 7-әйнектазалағышты қосушы батырмасы; 7-көмекші тежеу жүйесі батырмасы; 8-жұмысшы тежеу жүйесі педалі; 9-отын беру педалі; 10-круиз-бақылау рычагы

1.11-сурет-КамАЗ автомобилі кабинасы

Автомобиль екі тактілі, сегіз цилиндрлі және олардың орналасуы V тәріздес турбоүрлеуі бар дизельді қозғалтқышпен жабдықталған.Әр цилиндрге сәйкесінше бір піспек пен екі клапан бар. Қозғалтқыш, ілініс муфтасы, карданды беріліс, трансмиссия элементтері жалпы көліктің кинематикалық схемасын (сурет 1.13) құрайды. Қозғалтқыштың қоректену жүйесі жоғарғы қысымды жанармай сорабы(ЖҚЖС) арқылы шашыратып бүрку форсуноктарымен жүзеге асады. КамАЗ-5320 автомобиліне ЖҚЖС-332-30

моделі қолданылады. Бұл ЖҚЖС моделі 8 бөлімнен құралған. Плунжер максималды жүрісі 9/10,мм, бүркігіш моделі 33-02. Бұл ЖҚЖС бөліктері V тәріздес орналасқан, ал әр бөлік арақашықтыңы 36 мм. ЖҚЖС 33-02 моделінде барлық режимді механикалық бақылағыш пен түзеткіші бар. Сорап EURO-0 уыттылық деңгей стандартына сай жасалып мақұлданған. Ондағы бүркігіштер отынды 1200 Барометрлік қысыммен шашыратады.




1 – құрылғыларды қосқыш; 2-өшіргіштер панелі; 3-КОМ лебедканы өшіруші батырма; 4-фарды реттегіш электромеханикалық түзеткіш; 5-кабинаны жылытушы және желдетушінің басқару рычагтары; 6-қозғалтқышты тоқтатушы рукоятка; 7-осьаралық дифференциалды блоктаушыбасқару рычагы; 8-отын беруді қолмен басқару рычагы; 9-радиатор жалюздерін басқарушы рычаг; 10-отын жылытқышты өшіргіш; 11-тұрақтық тежеуді басқарғыш кран рукояткасы

1.12-сурет- КамАЗ жүк автомобилінің құрылғылар панелі

Кабина резиналы жастықшалар арқылы рамаға орнатылған, ол қозғалтқыш үстінен орналастырылған.

Сыртқы тірек қозғалтқыш капотынан, қанатшалардан, аяқ қойғыш табалдырықтан және радиатордың торлы беткейінен тұрады. Капоттың алдыңғы жағынан пластикалық тор қапталған. Оның пластикалық болуынан кабина конструкциясы жеңіл болады. Қанаттарда бұрылу бағытын көрсететін жарықтандыру фонарлары бар. Олар жарық ағынын реттейтін жетілдірілген жүйемен жабдықталған. Сонымен қатар энергияны үнемдейді. Бампер тұтас металдан жасалған және сүйірленген жағымды пішінге ие. Онда тұманға қарсы фонарлар орналастырылған. Капот, қанатшалар, бампер бір-біріне қатты бекітілген және біртұтас конструкцияны сипаттайды. Барлық осы детальдардың осында жолмен бекітілуі қозғалтқышқа кіруге қолжетімділікті арттырады. Капот, қанатшалар және бампер бір-біріне осылай жалғанғандықтан олар автомобиль рамасының алдыңғы жағына шарнирлі түрде бекітіледі және олар қозғалтқышқа қолжетімді болу үшін толығымен тұтастай көтеріліп ашылады.



1-қозғалтқыш; 2-ілініс муфтасы; 3-карданды берілістер және шрус; 4-БҚК; 5-карданды берілістер(артқы); 6-бірінші және екінші артқы жетекші мосттар; 7-осьаралық дифференциал; 8-үлестіргіш қорап; 9-алдыңғы мост

1.13-сурет-Доңғалақтық формуласы 6x4 КамАЗ жүктік автомобилінің кинематикалық схемасы

